

## Шарбақты ауданы бойынша 2012 жылға әлеуметтік жұмыс орындарын және жастар практикасын ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 26 қаңтардағы N 10/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 17 ақпанда N 12-13-140 тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімі аппарат басшысының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі N 35/01-17/820 хаты)

**Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімі аппарат басшысының 27.09.2013 N 35/01-17/820 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-1, 18-2-баптары және 7-бабының 5-4), 5-7) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңының 5-бабының 11), 2) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралары туралы" N 836 қаулысына сәйкес Шарбақты аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың нысаналы топқа жатқызылған кәсіби білімі бар жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін бір жылдан артық емес әлеуметтік жұмыс орындары ұйымдастырылсын.

2. Бастауыш, орта және жоғары кәсіби оқу орындарының түлектері санынан жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін алты айдан кем емес жастар практикасы ұйымдастырылсын, олардың жасы 29-дан аспауы тиіс.

3. Қ о с а б е р і л г е н :

1) әлеуметтік жұмыс орындары ұйымдастырылатын жұмыс берушілердің тізбесі бекітілсін (келісім бойынша);

2) жастар практикасын өту үшін ұйымдастырылатын жұмыс берушілердің тізбесі (келісім бойынша).

4. "Павлодар облысы Шарбақты ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі бекітілген тізбеге сәйкес жұмыс берушілермен шарт бекітсін және жұмыссыз ретінде тіркелген жұмыссыздарды жұмысқа орналасуға жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Бақтылы

Қайырбекқызы

Қалыбаеваға

жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Смағұлов

Шарбақты

ауданы

әкімдігінің

2012

жылғы

26

қаңтардағы

N

10/1

қаулысымен

бекітілді

### Әлеуметтік жұмыс орындары ұйымдастырылатын жұмыс берушілердің тізбесі

№ р/с	Жұмыс берушілердің атауы	Әлеуметтік жұмыс орындары кәсіптер бөлінісінде (лауазымдар)	Ұйымдастырылатын әлеуметтік жұмыс орындардың саны	Жұмыстың ұзақтығы (ай)	Айлық жалақының мөлшері, теңге	Бюджет есебінен айлық жалақының мөлшері, теңге
1	"Қалтаев" шаруа қожалығы	механизатор	2	12	40000	20000
		электргазбен дәнекерлеуші	1	12	40000	20000
		жүргізуші	1	12	40000	20000
2	"Гринченко К.В." жеке кәсіпкер	бағдарламашы	1	6	30000	15000
3	"Абая" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	механизатор	5	6	52000	26000
4	"Колос" шаруа қожалығы	механизатор	6	12	52000	26000
5	"Турбин В.С." шаруа қожалығы	механизатор	5	9	40000	20000
		жүргізуші	1	9	40000	20000
6	"Шығыс жолдары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	жүргізуші	1	6	30000	15000
		механизатор	1	6	40000	20000
		механизатор	2	6	30000	15000
7	"Ахметов Е.А." жеке кәсіпкер	қалаушы	2	6	52000	26000
		сылақшы-сырлаушы	2	6	52000	26000
		электргазбен дәнекерлеуші	1	6	52000	26000
8	"Сейтахметов К.Т." жеке кәсіпкер	қалаушы	1	3	40000	20000
		сылақшы	1	3	40000	20000
9	"Шарбақты құрылысы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	құрылысшы	1	12	32000	16000
		жүргізуші	1	12	32000	16000
Барлығы			35			

Шарбақты ауданы әкімдігінің  
 2012 жылғы 26 қаңтардағы  
 N 10/1 қаулысымен  
 бекітілді

## Жастар практикасын өту үшін ұйымдастырылатын жұмыс берушілердің тізбесі

N р/с	Жұмыс берушілердің атауы	Әлеуметтік жұмыс орындары кәсіптер аясында (лауазымдар)	Ұйымдастырылатын жұмыс орындардың саны	Айлық жалақының мөлшері, теңге	Жастар практикасының айлар бойынша ұзақтығы көрсетіледі
1	"Шарбақты Құрылысы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	автослесарь	1	26000	6
		электргазбен дәнекерлеуші	1	26000	6
2	"Болашақ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	бухгалтер	2	26000	6
		электронды есептеуіш машиналардың операторы	1	26000	6
		құрылысшы	1	26000	6
3	"Сейтахметов Қ.Т." жеке кәсіпкер	аспазшы	4	26000	6
4	"Павлодар облысы Шарбақты ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	заңгер	1	26000	6
		хатшы-референт	1	26000	6
5	"Фисенко С.В." жеке кәсіпкер	аспазшы	2	26000	6
6	"Шарбақты ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	әлеуметтік жұмыскер	1	26000	6
7	"Шарбақты ауданының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі	заңгер	2	26000	6
	барлығы		17		